Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Андас-Групп»
Товарищество с ограниченной ответственностью
ЮКО Казыгуртского р/н с. Косагаш,ул.Каракулова,д.1. БИН 060 440 003 960, тел. 8705-705-88-77, E-mail: andas-group@mail.ru

15 ақпан 2017 ж. № 32

ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік Аудит комитетінің төрағасы
А. Сарсеновке

Жамбыл облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы
Б.Көлбаевқа

«Андас-групп» ЖШС-нің директоры
Б.Тұяқбаевтан

Ш А Ғ Ы М

«Андас-групп» ЖШС-і № 2162104-1 «Тараз қаласы Әуежай аумағындағы тұрғын алқабын электрмен қамтамасыз ету құрылысы» ашық конкурсына әлеуетті өнім беруші ретінде қатысқан болатын.

Конкурсты ұйымдастырушы «Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі *(Әрі қарай-Басқарма)* тарапынан 13.02.2018 жылғы **№ 2161104-ОК1** санды қорытындылар туралы хаттамасында біздің Серіктестіктің конкурстық өтінімін *Не указаны данные технических паспортов в п. 3 сведений о квалификации по арендованным материальным ресурсам. Потенциальный поставщик не обладает наличием не менее 3 собственных строительных машин, механизмов и автотранспортных средств, указанных в соответствующем разделе проектно-сметной документации (проект организации строительства). Потенциальный поставщик не обладает достаточными трудовыми ресурсами необходимыми для выполнения работ: рабочие - 9 чел, служащие -1 чел, МОП и охрана - 1 чел. ;.* деген себептермен негізсіз шеттетіп отыр.

Себебі, Серіктестік тарапынан ұсынылған конкурстық өтінімнің 5-қосымшасының 3 бөлігінің 14,15,16 қатарларында ***(Бульдозер SD 32, Каток LT 214, Экскаватор гусеничный ZAXIS 3303 Hitochi)*** тіркеліп, аталған техникаларды бас жобалаушы тарапынан бекітілген құрылысты ұйымдастыру жобасында көрсетілген техникаларды бірін-бірі алмастыра алады делінген келісімін және техникалық паспорттарын қоса тіркеген болатын.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2017 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығының 85-1 тармағының

үшінші абзацының талаптары сақталмай *(рабочие - 9 чел, служащие -1 чел, МОП и охрана - 1 чел)* 11 маманы жоқ деп шеттеткен.

Серіктестік тарапынан бас жобалаушымен бекітілген құрылысты ұйымдастыру жобасында (ПОС) талап етілген еңбек ресурстарының тізбесінде әлеуетті өнім берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін аттестатталған инженерлік-техникалық қызметкерлердің санын толық ұсынған болатын.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді айта келе, уәкілетті мемлекеттік орган ретінде Сізден конкурстық комиссия мүшелерімен қабылданған шешімді, қолданыстағы Заңнамаға сәйкес камералдық бақылау жүргізіп, 13.02.2018 жылғы **№ 2162104-ОК1**санды қорытындылар туралы хаттамасын қайта қарауыңызды сұранамын.

«Андас-групп» ЖШС-нің директоры **Б.Тұяқбаев**